

«Жан ана -шуағымсың».

(Ортаңғы топ)

Баяу музыка ойналады. Ортаға Айғаным мен Дарын аналарына арнап монолог оқып шығады.

Дарын: Ана шырақ, ұрпағымен жағылған,

Өз анасын бар періште сағынған.

Құдіретін сезінгендер бас иеді,

«Ана»деген үш әріпке бағынған

Аман болса Ана деген ардағым,

Күнде болып нұрланады жан-жағым.

Қуанышын бар қайғысын өмірдің,

Ана ғана көтереді салмағын.

Айғаным:Ана деген түн ұйқысы төрт бөлген,

Ана ғана өткізеді өткелден.

Жадыратса жаздай етіп жаныңды

Шуағы ыстық аумай тұғын көктемнен.

Ұзақ өмір жасай берсін аналар,

Аналарын қадірлесін балалар.

Шаңыраққа шаттық нұрын сыйлаған

Аман болсын ақ жаулықты аналар!

Бірге айтады: Ендеше ортамызға Алтынай тобының 8-наурыз аналар мерекесіне арналған кешін ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.Ортада «Алтынай» тобы мен апайымыз Жаныл Білэлқызын қарсы алыңыздар!

Жүргізуші: Аналар әр бір сөзі ой талабы,

Жүректің тереңінде сақталады.

Өсіңдер елін сүйген ұландар боп,

Ардақты ана еңбегі сақталады.

Құрметті әжелер, аналар! Сіздерді наурыз айында келген 8-наурыз мерекесімен құттықтаймыз !

Қарақат: Шуақты көктем келді гүлін алып,
Көктемнің мерекесі бүгін анық.
Өмірдің көктемі де гүлі де аналар
Ана деп бас иеді күллі халық.

Томирис:Әлпештеген, аялаған
Ақ сүт берген апатайым.
Сәлем жазып бүгін саған
Мейрамыңмен құттықтаймын

Жүргізуші: Аяулысың ауылымның асылдары
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би
Сіздер үшін мереке шашулары-деп алдарыңызда «Анашым» әнін
қабыл айтыңыздар.

Ән: «Анашым».

Залға Шатақбай кіреді: Қайырлы кеш! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл бақыт әкелсін.

Жүргізуші: Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз? Біздің балабақшаға қалай кіріп кеттіңіз? Күзетші қайда?

Шатақбай:Күзетші кіргізбеймін деді,ал мен мерекеге бара жатырмын деген едім кіргізе салды.

Жүргізуші:Бәрі түсінікті болды. Сізді көргеннен ақ кім екеніңізді түсіндік. Басыңызға таба киіп алыпсыз. Аяғыңызға қолғап киіп алып,нағыз Шатақбай келіп тұр. Бізді Жаңа жыл мерекесімен құттықтап қояды. Ал бүгін аналар мерекесі емес пе балалар?

Шатақбай:Мәә, мен шатастырып алдымба?

Жүргізуші:Ренжіме Шатақбай. Енді сен бірін дұрыс жасарсың.

Шатақбай: Аналар,әжелер, қыздар сіздерді мерекемен құттықтаймын

Осы қыздар боянғанды жақсыыы көреді ия. Мен сендермен ойын ойнасам ба деп қоямын. Қыздар, ойнайсыңдар ма?

Ойын: «Аналарын бояндыру»

Шатақбай: Балалар, сендерге көөөөп рахмет ! Менің кететін уақытым болды. Мен де үйге барып сендер секілді мерекеге дайындалып , анамды құттықтайын. Сау болыңдар!

Көркем: Ақ сүт берген анашым

Ақылды менің данашым.

Өзіңдей жанды әлемнен

Қайдан табармын жанашыр.

Әмина: Ана сен бақыттысың

Гүлің боп өсіп келем.

Жайнап жүрші

Күліп жүрші

Алладан мен тілеп жүрем.

Димаш: Мәпелейді, әлдилейді, бағады,

Құлыным деп құшағына алады.

Өзгеге де , өзіне де жауапты

Барлығына қалай уақыт табады ?

Ол менің Жан анашым.

Жүргізуші: Көңілің алатаудың ақ қарындай,

Мейірімің күннің шуақ шақтарындай

Қалайша аяулы ана тына алармын,

Ән менен биден бүгін ақтарылмай- дей отыра қыздарымыздың биін тамашалаңыздар .

Би: «Гүлдер»

Ойын: «Ана тілегі»

Жүргізуші: Әркімнің де өнерге аласы бар,

Аласы бар адамның таласы бар.

Мерекесін құттықтап аналарының

Өнерлерін жолдайтын баласы бар.

Балалар көрінісі: «Әжелер».(4 ұл әже болып киініп ортаға шығады).

Бірінші әже: Келіннен қорқып саспайық

Келіңдер өсек бастайық.

Немеренің әр түрлі

Қылығын айтып тастайық.

Екінші әже: немерем менің блатной

Күндіз тыным таппайды

Видео көру керек деп

Кешкі ұйқыға жатпайды

Үшінші әже: Немерем менің кір-кір боп

Үйдің бетін көрмейді

Киндер сатып әпер деп

Еш тыныштық бермейді

Төртінші әже:Немерем менің теңгеге

Үйір болып алыпты.

Мың теңгені сағызға

Аямай бере салыпты.

Төртеуі бірге: Келіндер келіп тапты ғой

Бізде үйге кетейік.

Немере шіркін тәтті ғой,

Барына шүкір етейік.

Ән: «Әжелерім ».

Ислям: Аналар, біздің сіздерге арнаған тосын сыйымыз бар. Достарым оны шақырайықшы. (Барлығы шапалақтайды).

Сайқымазақ: Сәлеметсіңдер ме, достар. Сәлеметсіңдер ме, құрметті қонақтар! Менің есімім Тилли Вилли. Мен сонау Америкадан келдім. Хелоу, хелоу. Мені осында Алтынай тобының ұлдары арнайы шақыртты. Менен көмек сұрады. Оооо, не деген сұлу қыздар! Бүгін наурыз мерекесі. Ендеше , наурыз мерекесіне арнап балалардың аналарына арнаған

сыйлықтарын қабыл алыңыздар. (Залға екінші кіші тобынан 1ұл ,1 қыз шығады. Қолдарында себетке салынған ашық хаттармен).Балалар сыйлықтарын аналарына таратады.

Жүргізуші:Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты аналар ,әжелер мен қыздар. Мерекелеріңіз құтты болсын . Әлемде ең сұлу ,ең мейірімді жан сіздерсіздер. Дендеріңіз сау болсын. Әрқашан аман болайық. Сау болыңыздар .